

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№26
(896)

Бейсенбі, 2 шілде 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Қымбатты солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді мемлекеттік мерекеміз – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстандықтар үшін бұл мереке айырықша, ерекше мағына мен мазмұнға толы. Біздің ерқайсымыз үшін Астана гүлдену мен жаңарудың, мемлекетіміздің қуатты әлеуетінің символы.

Астана – Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың бүгінгі таңда табысты жүзеге асырылып отырған ұлы, әрі орасан жобасы.

Еуразияның жүрегі – Астана әлемде мәдениеттердің жақындасуы мен байытылуының, жоғары инновациялардың, елшілік пен халықаралық әріптестіктің тартылуының орталығы іспеттес.

Біздің ғажайып астанамыздың алдымызда әлі де көптеген жарқын жетістіктер күтіп тұрғанына сенімдімін.

Қымбатты жерлестер!

Осындай мерекелік күні ербір солтүстікқазақстандық жанұяға мықты денсаулық, игілік пен бақыт, бейбітшілік, біздің Қазақстанымыз бен сұлу да көрікті Астанамызға одан әрі гүлдене беруін тілеймін.

Ерік СҰЛТАНОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Құрметті айыртаулықтар!

Тәуелсіздігіміздің тірегі, егемен еліміздің мақтанышы – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бүгінгі Астана – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығы арқасында Отанымыздың жеткен жетістіктері мен өркендеуінің айқын айғағы, қарқынды дамуымыздың, береке-бірлігіміздің жарқын көрінісі, тәуелсіз Атамекеніміздің жаңа тарихының шынайы шежіресі.

Жыл сайын өзгеріп, гүлденіп келе жатқан Елордамыз қонақтарды өзінің көркем баурап, Еуразияның ең көрікті қалаларының біріне айналды. Бүгінгі Астана – тұла бойында Шығыс пен Батыс мәдениетін тоғыстырған бүкілғаламдық дипломатияның, Еуразия кеңістігіндегі интеграцияның орталығына айналған бірегей қала.

Еліміздің бас қаласы әлем елдерінің басшылары бас қосып, жаһандық мәселелерді шешетін, бейбіт бастамаларды іске асыратын халықаралық саясаттың ордасы. Бұның дәлелі маусым айында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V Съезі.

Астананың дамуына тағы да серпінді күш болатын ЭКСПО-2017-нің Қазақстан халқы үшін маңызы зор. Бұл әлемдік қоғамдастықтың орасан зор сенімінің, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жүргізген саясатқа берілген жоғары бағаның айғағы.

Қымбатты жерлестер!

Астанамыздың алдында әлі де көп ұлан жоспарлар мен жетістіктер тұр деп сенемін.

Еліміз амаң жұртымыз тыныш болып, әсем Астанамыздың абыройы асқақтай берсін. Баршаңызды Астана күнімен құттықтап, ізгі ниетпен зор денсаулық, жанұяларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Мереке мезеті

ЖУРНАЛИСТЕР АРДАҚТАЛДЫ

28 маусым – Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні. Халыққа жаңалықты жеткізетін – журналистер. «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі», - деп, Ахмет Байтұрсынов бекер айтпаған. Осыған орай, 27 маусым күні аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін құттықтап, сыйлықтар тарту етті.

Аудандық «Айыртау таңы» және «Айыртауские зори» газеттерінің ұжымын құттықтаған аудан басшысы тұрғындарға жаңалықтарды бірінші болып жеткізуде төртінші билік өкілдерінің атқарып отырған жұмыстарының орасан екендігін айта келе, алдағы уақытта да Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың саликалы саясатын насихаттауда журналистер қоғамы аянбай еңбек етіп, биік белестерден көріне беретініне сенім білдірді.

Сондай-ақ, өткен аптада №2 Айыртау аудандық сотының төрағасы Мұбарак Рамазанов және аталмыш сот ұжымы аудандық газет өкілдерін құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

- Сіздердің жұмыстарыңыз ерқашан да сіздерге қуаныш пен ризашылық әкелсін. Әділдік, көрегендік және шындық атты мәңгіліктің нормаларына адал болып қалыңыздар - деп тілек айтқан сот төрағасы, келешекте де жемісті ынтымақтастықты жалғастыра беретініне шын көңілден сенетіндігін жеткізді.

Өз хабарымыз.

Аудандық мәслихатта

СЕССИЯ ӨТТІ

Маусымның 30-ы күні аудандық әкімдіктің мәжіліс залында Айыртау ауданы мәслихатының кезектен тыс 39-шы сессиясы болып өтті. Сессия жұмысына аудан әкімі Ағзам Тастеміров қатысты.

Сессия жұмысы барысында халық қалаулылары аудандық мәслихаттың бірқатар шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, тиісті шешімдер қабылдады.

Аталмыш жиында сөз сөйлеген өңір басшысы ауданымызда атқарылып жатқан істерге оң баға бере келіп, жаңа нысандар құрылысының көбейіп келе жатқандығын, сондай-ақ шағын кәсіпкерліктің де біршама дамуда екендігін тілге тиек етті. Өз істерін ашып, тауар өндірумен айналысатын кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан да айтарлықтай қолдау көрсетілуде. «Солнечный VIP» ЖШС-гі жұмыстар да аяқталуға жақын. Көшелерге құмдар төселіп, жолдар жөнделуде.

Сөз соңында Ағзам Ахметжанұлы депутаттарды жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыстарда белсендірек болуға шақырды.

Өз хабарымыз.

АСТАНА - БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Ел мен жер кім үшін де қымбат қазына болып табылады ғой. Себебі болашақ ұрпаққа мирас етіп қалдырар мұрамыз да, баға жетпес байлығымыз да – егемен еліміз, жұмақ жеріміз. Осының барлығы бас қаламыз – Астанадан бастау алды. Сондықтан да оған қарап, ой да, бой да түзейміз.

ербір туынды тарихтан сыр шертіп тұрғандай көрінеді. Тіпті, әлемнің бер әдемілігін осы жерге жинағандай тамаша бір сезімге бөленіп, рухани азық алғандай боласың.

Қорқыт бабамыздың желмаямен жаһанды кезіп, халқына мәңгілік бақыт әкелетін, құт мекен болатын Жерұйықты ізденуде жан тербіренерліктей сыр жатыр емес пе?



Шуған күніңмен,
Астана!

Бейбітшілік бесігінде тербеліп, жүзі басқа болса да, жүрегі, тілегі бір сан алуан халықты Отан деген қара шаңырақ астына жинаған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі өлшеусіз. Астана – біздің мақтанышымыз, көз қуанышымыз. Оның аспанмен таласқан сәулетті ғимараттары мен зәулім үйлеріне қарасаң, таңғаласың, тамсанасың. Түрлі-түсті гүлдерден жасалған қазақтың оюының өзі керемет бір туынды емес пе? Оны көру үшін Есіл өзенінің сол жағалауын көкке қарай бой созған зәулім, биіктігі 97 метрге тең «Бейтеректің» ұшар басына шықсаңыз болғаны. Сол кезде барлық Астана алақандағыдай сәнімең, салтанатымең көрінеді. «Шіркін адам ойында шек жоқ», - дейсің сондай кезде. Міне, Астанадағы түрлі мүсінде жасалған әдемі де көркем дүниелерге қарасаң, еріксіз ойларға берілесің. Бас қаламыздың көркін ашып, төрінен орын алған осындай

Міне, сол берекелі де мерекелі жері жұмақ, елі жомарт жеріміз бүгінгі Астана болып табылады. Ол бүгінде жаһанды өзіне қаратқан біздің бас қаламыз. Міне, қуантатыны да сол.

Ата-бабамыз арман еткен Астанамыздың шаңырағы биікке көтеріліп, уығы нық қадалып, керегесі келісті ірі қалалардың біріне айналды. Осының өзі түсіне білген адам үшін бір ғанибет емес пе?!

«Бақ бағалағанның басында тұрады» дегендей тәуекел етіп қол жеткізген Тәуелсіздігімізді қастерлеп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау – біздің азаматтық парымыз бен қарызымыз. Олай болса, болашағымыз жарқын, келешегіміз кемел болып, төріміздегі туымыз биікке желбіреп, жер жұмағы – Астанамыздың одан сайын көркейе түсуіне барша болып атсалысуға тиіспіз.

Жанат СӘБИТОВ.

Жастар саясаты

КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

28 маусым күні «Нұр Отан» партиясы ғимаратының мәжіліс залында облыстық жастар бастамалары орталығының директоры Нұрсаят Саркен, іс-шаралар бойынша кеңесшілер Қуаныш Мәметов, Руслан Асаубаевтар айыртаулық жастармен кездесу өткізді.

Іс-шара басталмай тұрып жастар саясатын іске асыруда үлес қосқаны үшін аудан әкімі Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы мен Жастар бастамалары орталығының директоры Қожахметов Әсет Қанатұлына Алғыс хаттар табыс етілді. Атқарылған жұмыстар мен алда жоспарланған іс-шаралар туралы қысқаша шолудан кейін жастар мен басшылық арасында диалог орнады.

Экономика, саясат, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, өнер мен мәдениет те назардан тыс қалған жоқ.

Жастар өздерін толғандырып жүрген сауалдарына жауап алса, Нұрсаят Саркен қазір облысымызда жастармен атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар мен елдің күнделікті тыныс тіршілігіндегі түйткілдерді, олардың қалай шешім тауып, қалай жүзеге асып жатқаны туралы, қала берді қоғамдағы өзекті



мәселелер жөнінде сергек те тың ойлайтын кейінгі буынның пікірін білді. Ең бастысы ұрпақ сабақтастығы: жүздесуде қазіргі атқарылып жатқан қыруар істің барлығы ұрпақ үшін екенін, тиісінше

келесі буын оны лайықты жалғастырып әкетулері керектігін айтты. Жастар өздерінің ондай сенімге лайық екенін және сенімді ақтайтынын танытты.

Әйгерім ОМАРОВА.

Құрметті Саумалкөл ауылының тұрғындары және қонақтары!

2015 жылғы 6 шілде күні сағат 10.30-да орталық алаңда Астананың 17 жылдығына арналған мерекелік шаралар өтеді.

Бағдарламада: мерекелік құттықтау, халықтық қыдырулар, көркемөнерпаздар концерті, спорттық-

бұқаралық шаралар, мерекелік жәрмеңке.

Кешкі сағат 21-00-де мерекелік дискотека өткізіледі.

Барлығыңды қатысуға шақырамыз!

Ұйымдастыру комитеті.

Асқақтай бер Ару қала – Астана, Туған күнің құтты болсын – Астана!!!

...Ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулеттік ландшафты бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтан тұтатын көп ұлтты және көп дінді халқы бар әсем де мәйірлі астанамыз, міне, осындай.
Н.Ә.Назарбаев.

АРМАНҒА ҚАНАТ БІТІРГЕН ҚАЛА

Эйфель мұнарасы, Кремль... Бұл астаналық нышандар – әлем картасының ең үздік жолбасшылары. Олар бұл күнде солай жаратылған сияқты. Бірақ олар белгілі бір адамдардың дарынымен, еңбегімен салынған. «Астананы құру – ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазу. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мыңжылдық тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық,»-деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқан болатын. Иә, шынымен де, ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазып, Астананы ауыстырып, осындай батыл қадамға барған - көсеміміз Н.Ә.Назарбаев. Сонымен, Елбасымыз үлкен таңдау жасады: ел астанасы етіп Ақмола қаласын тағайындап, оны «Астана» деп атады. Бұл таңдаудың артында үкіметке екі міндет жүктеліп отыр: біріншісі – қаланың немесе астананың бірегей әрі қайталанбас ажарын қалыптастыру, екіншісі – қаланың осы бірегейлігі қаланың барлық азаматтарының астанада өздерін жайлы сезінуіне ықпал етуі тиіс. Астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру кездерінде, әрине, оңай болған жоқ. Аз уақыттан соң-ақ жаңа Астана халықтың күдігін жоқ қылып, сенімсіздігін жойып, Еуразияның жүрегінде қарқынды дамып, бой



көтерді. «Тәуекел түбі – жел қайық, Өтерсің де көтерсің,»-дегендей Елбасының батыл қадамының нәтижесі ұшын көрсете бастады. Астана – тек біздің ғана емес, дүние

жүзіне зиялылық нұрын төгетін тоғыз жолдың торабындағы Еуразияның, әлемнің сәулетті қаласына айналып отырған ғажайып шаһар. Тәуелсіз Қазақстан 24 жылда әлемнің үздік

елдері қатарына қосылса, Астанамыз 17 жылда таңғаларлықтай көрсеткіш көрсетіп, әлемге Қазақстанның қандай мықты мемлекет екендігін дәлелдеді. «Елу жылда ел жаңа»

демекші, іргетасы қаланғанына елу жыл емес, өте аз уақыт болса да, аққу қанат елордамыз ежелгі Есіл бойында қанатын кеңге жайып, сәулетті де сәнді Ордаға айналды. Осы Еуразия жүрегіндегі еңселі қала әлем назарында. Жан-жағымыздағы бауырлас елдермен қатар, өзіміз қазіргі уақытта теңескен «мүйізі қарағайдай» ірі мемлекеттер де астанамызға көз тігуде. Діні бірге діндеріміздің, тілі бірге түркі туыстарымыздың, «Жер» деп аталатын ортақ мекеніміз бір барша мемлекеттердің достықты, татулықты, бірлікті сақтап отыратын елшіліктері бар. Келешекте, 2017жылы өткізілетін «Еуро 2017» көрмесін өткізу құрметі де Астанаға берілді. Бұл – біз үшін ұлы жеңіс. Бір Астананың сұлулығына, мәдениетіне 103 мемлекет дауыс беріп, біздің қаламыз әлемнің ең көрікті де дамушы қаласына айналды. Астананың осы байқауда жеңіске жеткенінің екі себебі бар: бірі – Елбасы мен қазақ халқының саяси батыл қадамы, екіншісі – сәулетшілер мен құрылысшылардың дарындылығы мен тәжірибелілігі, қаланы көркейту жолындағы ерен еңбегі. 17 жыл ішінде жай ғана кішкентай қаладан алып арман қалаға айналған бұл шаһарды, мәйлі, әлем мойында-сын, мойындамасын, Астана – қазақ халқының тарихының жаңа парағы, рухани дүниесінің есігі.

Еңселі Елорда, асқақтаған Астана



Ел мен жер тағдырын елңдетпейтін кезі жоқ. Ертеңге қалдырар, ұрпаққа табыстар мирас-мұрамыз да, байлық базарымыз да - сол елмен жердің тағдыр талайы. Арғы бергі аталарымыздың ту көтеріп, туырлық тігер құттықана шаңырағының уығын шаңар майлы да жайлы, қой үстіне бозторғай жұмыртқалардай жұмақ мекен таңдауы тегіннен тегін болмаған. Аңыз бен ақиқаттың шындық шырайындай Асан бабамыздың желмаямен жаһанды кезіп, халқына құт мекен болатын жерұйықты іздеуінде жан тебіренерліктей сыр жатыр емес пе? Ұлытаудан басталар ұлы көшіміздің кеңес дәуірі кезінде Астана қазығын бірде Орынбор, бірде Қызылордаға қадап, одан жасыл желекті, түсті кілем Алматыға тұрақтауы Мәскеудің пәрменімен болған еді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана елорданың қай жерде болуын таңдау мүмкіншілігіне Елбасымызие болды. Астанамыздың Қазақстанның орталығында болуы қай жағынан алып қарасаңда дұрыс шешім еді. Себебі, Сарыарқа талайды көрді, талайға төзді. Бағзы бабаларымыздың ақ найзаларын аспанға атқан айбарлы жеңістерінің куәгері болды. Енді міне, екі ғасыр тоғысқанда жаңа мыңжылдықтың табалдырығында өшкен жанып, өлген тіріліп, кеткен есе түгенделіп, жығылған ту қайта желбіреп, жоғалған елдік оралып, құлаған орда қайта бой көтергеніне де себепкер болып отыр. Қалай десек те Астана қазақтың бас қаласы болып, өскелең ұрпақтың жарқыраған жұлдыздай келешегіне өз үлесін қосары сөзсіз. Оның қазіргі сәулет өнерінің үлгілеріне

сай бой түзеген биік те сұлу ғимараттары бір кездегі қарапайым облыс орталығын адам танымастай өзгерткен. Қала сұлулығы қай адам баласын болсын тамсандыратынына күмән жоқ. Өйткені, кең жазира далада көсіліп жатқан кемел сұлулығымен, күміс көлдерімен Есіл, Нұра секілді қыз бұрымындай тарқатылған өзендерімен өзіне тартады. Сондықтан болар Астана әрқашан салтанаттың қаласы, тасы өрге домалап тұрған жандардың мекені болып елестейді. Қазіргі таңда астанамыз әлемдік, іскерлік байланысты күре тамырына айналып отыр. Оның өзі Елбасының ізгі саясаты, көрегендігі мен кемеңгер ойының жемісі, арманы, мақсаты, халқының тарихынан нәр алғандығы шығар. Астанамыздың шаңырағы биікке көтеріліп, уығы нық қадалып, керегесі келісті жайылды деуге болады. Астана қазірдің өзінде азиялық байтақтардың арасындағы ең бір еуропалық қала. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Еуразиялық ел екенін, оның астанасының орасан зор қор құрлықтың, өкпе тұсында орналасқанын, демек келешекте қаланың осынау ұлан-ғайыр кеңістіктің қуатты желілері тоғысқан торабына, 21 ғасырдағы экономикалық, технологиялық, ақпараттар тасқынының арнасына айналатынын атап көрсеткен болатын. Астана- бүгін өскелең қала. Кемел де келісімді ойлардың, ізгі ниет пен игі тілеудің қаласы. Айталық, қаланы қақ жарған Есіл өзенінің жағалауын кезінде басқан қамыс-құрақ қаба сақалдан арылып, бетон тақтайшалармен төселген. Есілдің мәрмәр жағалауынан зәулім ғимараттар салуға да, қаланың орталық бөлігінде еуропалық үлгідегі шағын орамдар тұрғызуға да орын жетерлік. Ендеше, шаһардың кейбір кең де түзу көшелері дәстүрлі шығыс байтақтарың мәселен, көргендерге Каир мен Делиді есестететіні сөзсіз. Еліміздің жаңадан орын тепкен ордасын көркейту мақсатына орай президентіміз 2001 жылы «Астана жаңа қала» деген арнайы экономикалық аймағын құрған болатын. Бұл шара Есілдің сол жағалауына инвестициялар тарату, құрылыста озық технологияларды пайдалану, сондай-ақ қазіргі заманғы инфрақұрылым арқылы

құрылысты қарқынды түрде дамыту еді. Сол себепті Астанадағы үкімет сарайлары, құрметті орындар, министрліктер мен қоғамдық ғимараттар аса көрнекті сәулеттік бейнеге ие болып келеді. Осындай ғажайып, өзге қалалардан ерекшеленіп тұрған Астанамыздың кескін-келбеті Еуропа материгінде орналасқан Париж қаласының дәл өзінде жүргендей сезіндіретін шығар. Парижге барғандар ең алдымен Эйфель мұнарасын іздесе Астанаға келгендер биіктігі 97 метрге жететін «Астана-Бәйтерек» монументін іздейтін сияқты. Осының өзі әлем төрінен орын алатындай көрініс, шіркін! Бәрін айт та, бірін айт дегендей барлығынан да бас алаң төріне көз тастаған жан бүкіл тарихы- бірігу тарихы болған халқымыздың өмірінде келісімді билігімен әділ сөзімен елінің басына ауырпашылық түскенде шешендігімен алғырлығымен еліне қорған болған, асқан беделге бөленген дана үш би- Әйтеке, Қазыбек, Төле бас қоса отырған сәулетті ескерткіш орнатылыпты. Көшелері де тап-тұйнақтай, қазақ даналарының есімімен аталады. Әрине астанамыздың болашағы көбінесе 21 ғасырдағы халықаралық, экономикалық, геосаяси және басқа қатынастардың дамуына байланысты болары анық. Астананы салдырып жатқан Нұрсұлтан Назарбаев бір ғана қазақ халқының емес, бірде Ұлы Дала, бірде Тың немесе Қазақ ССР-і деп әр кезде әрқалай аталған, ал бүгін Қазақстан Республикасы аталатын байтақ өңірді бір кезде мекен еткен және бүгінгі таңда мекендеп жатқан халықтардың «еуразиялық арманын» асқақтатуға бекем бел байлап отыр. Бұл өлке-халықтарды бауырына басып, татуластырып қана қоймай, оларды жаңа қауымдастық, жаңа өркениет құру жолында топтастыра білген өлке. Елорданың өркендеуі еліміздің өркендеуінің белгісі. Ендеше бас қаланың жаңадан қаланып жатқан іргетасының берік болуы да мемлекетіміздің болашаққа нық сеніммен жасар қадамының нағыз кепіліне айналмақ. Келер ұрпақтың да, жастардың да болашағы бір өзінде! Ал сәнін гүлденуің солардың қолында. Келешегің жарқын болсын, халқымның ақ ордасы, көркейіп, биіктерден көріне бергейсің!

Ел жүрегі - Астана

Бүгін біз осындай қасиетті сөздерді құрметпен, бойымызға біткен ұлтшылдық сезіммен көкірегімізді керіп, басымызды көтеріп, аса мақтанышпен айта аламыз. Себебі, Арқаның төрінде сылдырап аққан Ерке Есілдің жағалауында орналасқан айбынды Астанамыз бүгінде 17 жасқа толды. «Елу жылда ел жаңа» дейді дана халқымыз. 17 жасқа енді ғана толып жатқан жаңа қала жас қала Ару Астанамыздың көрсө көз тартар- көрікті, қараса көздің жауын алар, жаңа үлгідегі өнеріне негізделген биік-биік ғимараттары қалаға сен беріп, жаңаша бағыта ерекшелендіріп тұрғаны сөзсіз. Ару Астанамызда орналасқан әсем ғимараттың бірі - «Пирамидаға» тоқталсақ оның ішін былай қойғанда сыртының өзі ерекше бір әлем емес пе? «Бәйтерекіміздің»- өзі неге тұрады? Онымен қоса «Мүз қалашығымыз» тағы бар. Барлық әсем ғимараттарды жекелеп даралап айтар болсақ уақыт жеткізе алмайтын іспеттіміз. Астананың ауыз толтырып айтар жері көпекені бірімізге аян Яғни, ару Астанамыздың халық тамашалап, қызықтап көрер жері көп. Бұл дегеніміз Астананың не бәрі 17 жылда қол жеткізген жетістіктері десек артық айтқан болмас едік. Тіпті шет елдерден қаламыздың әсем жерлерін аралап, тамсанып кететін шет елдік қонақтар да аз емес.



Жер бетіндегі Еуразия құрлығының кіндігінде орналасқан Астана – Еуразия мен Азияны жалғастырушы алтын көпір, қақпаның кілті болса, күллі қазақ халқының – жүрегі. Не бары 17 жылдың ішінде адам айтса сенбестей өзгерген ару Астана өзге елдермен терезесі тең, келешегі кемел болашағы айқын және жұлдызы жарық қалалар қатарына қосылды. Осындай жетістікке жетіп, Астананың алып жатқан асуы – тұғырлы тәуелсіздігіміздің, еңселі елдігіміздің, айбарлы азаттығымыздың арқасы. Ең бастысы Елбасымыздың дара басшылығының қол жеткізген биік белестері деп ойланбастан айта аламыз. Әлемде аждаһадан да айбарлы, ғаламдық жаһанданудан аман өткен Астана бүгінде ұшқыр да қалыпты дамып, жаңаша бағытта көркейіп, гүлденуде. Бұл да болса халықтың айрандай ұйған ауызбіршілігі, тұрақтылығы және ең бастысы шаттығы шалқыған бір шаңырақтың астында бейбіт өмір сүріп жатқаны, ақ көңілді, кең пейілді, ешкімді жатсынбайтын, арамдықтан ада, қиянаттан шет, жомарт мінезді, кез келген адамзатты бауырына баса білген бауырмал ешкіммен теңдесі жоқ қара қазағымның арқасы. Өзге ұлт күйресе де, жаңа заманда жасампаздықпен қалыптасып жатқан жаңа қаламыз ешқашан жойылмасын. Елдігіміздің еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, еліміз мәңгі жасап, қол жеткізген жетістігің молайып, жайнай берсін. Асқақтай бер Ару қала – Астана, Туған күнің құтты болсын – Астана!!!

**Бетті ғаламтор материалдары бойынша әзірлеген
Жанат СӘБИТОВ.**

Айыртау аудандық мәслихатының(V шақырылымның XXXVIII сессиясы) 2015 жылғы 28 мамырдағы № 5-38-2 шешімі

«Жер салығының ставкаларын жоғарылату туралы» Айыртау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 4-14-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

«Жер салығының ставкаларын жоғарылату туралы» Айыртау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 4-14-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-3-98 тіркелген, 2009 жылғы 22 мамырда «Айыртау таңы» газетінде, 2009 жылғы 22 мамырда «Айыртауские зори» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешімнің кіріспесі келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Респу-бликасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабы 1, 1-1-тармақтарына, 444-бабы 1-тармағына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:»;

1-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 379, 381, 383 - баптарымен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға жоғарылатылсын, сөйкесінше:

1) жеке тұлғаларға ұсынылған, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық мөлшерлемелері;

2) елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) базалық салық мөлшерлемелері;

3) елді мекендердің сыртында орналасқан, өнеркәсіп жерлеріне базалық салық мөлшерлемелері. Кодекстің 378, 444 - баптарымен белгіленген жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелері бес есеге жоғарылатылсын, сөйкесінше:

1) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына

сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық мөлшерлемелері;

2) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері.».

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А.ГЛАДКИЙ,
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
XXXVIII сессиясының төрағасы.
Р.ТІЛЕУБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
хатшысы.

«**КЕЛІСІЛДІ**»

«Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің мемлекеттік кірістері Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік кірістері басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

С.МЕЙРАМОВ.

2015 жылғы «28» мамыр

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жер Қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

Н.ТӨРЕБЕКОВ

2015 жылғы «28» мамыр

Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылдың 23 маусымында № 3281 тіркелген Айыртау ауданының мәслихат аппаратының maslihat-airtau.sko.kz. сайтында жарияланған.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 09 қаңтардағы № 10 «2015 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21- бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2015 жылдғы 09 қаңтардағы № 10 «2015 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізілсін. (2015 жылдың 12 ақпаны Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер Реестрінде № 3102 тіркеліп, 2015 жылдың 19

ақпанында № 7 «Айыртау таңы» мен «Айыртауские зори» газеттерінде жарияланған).

Осы қаулының қосымшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі.

Солтүстік Қазақстан облысы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 16 маусымдағы № 3277 тіркелген

Солтүстік Қазақстан облысыАйыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы «09» қаңтардағы №10 қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы «15» мамырдағы №159 қаулысына қосымша

2015 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында мектепке дейінгі тәрбиемен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Бала-бақша мен мектепке дейінгі мекемелердің атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, орын саны	Айына жан басына қаражат көлемі, теңге	Айына ата-аналар төлемі, теңге
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданың білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Ба-лапан» Ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	21 (республикалық бюджет)	14964	3-жасқа дейін 4200 3-жастан 4500
	21 (жергілікті бюджет)	44988	
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданың білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Балдырган» Ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны мемлекеттік мекемесі	18 (республикалық бюджет)	15301	3-жасқа дейін 4200 3-жастан 4500
	32 (жергілікті бюджет)	39054	
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданың білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Колосок» Ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	50 (республикалық бюджет)	8175	3-жасқа дейін 7200 3-жастан 7500
	200 (жергілікті бюджет)	18 540	
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданың білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Родничок» Ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық қсіпорыны	45 (республикалық бюджет)	10144	3-жасқа дейін 7200 3-жастан 7500
	259 (жергілікті бюджет)	16434	
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданың білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің «Карлығаш» Ясли-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	32 (республикалық бюджет)	26890	3-жасқа дейін 4200 3-жастан 4500
	548 (республикалық бюджет)	10649	3-жастан 4800
Мектепке дейінгі шағын орталықтар	385 (жергілікті бюджет)	7556	
	714(республикалық бюджет)	86123	
Барлығы	897 (жергілікті бюджет)	126572	

Оқырман хаты

Ауылым – алтын бесігім

Туған жер – адам жүрегінде киелі орын алады. Мен үшін туған жер – Сулықөл туған көше – ұзын көше мен шолақ көше, туған жердің табиғаты – шие мен жидекке, таңқурай мен бүлдіргенге толы ормандар. Нақты осы жерде білім алып, адам болып қалыптасып, болашағыма жолдау алдым. Шағын ауылымның шағын тарихына шолу жасауды жөн көрдім.

Тарихи деректерге сүйенсек, Шоқан Уәлиханов Ресей еліне сапар шеккенде, орыс патшасы: – Еліңнің жақсысын айт, - дегенде, Шоқан - Елімнің жақсысы – Тоқсанбай! – деп жауап беріпті. Тоқсанбай ата ақыл-парасатымен данышпандығымен Солтүстік өңірге танымал беделді адам болған. Колхоздастыру заманы орнағанға дейін ауыл «Тоқсанбай ауылы» аталыпты. Басынан нөбір замандарды өткерген көп адамға пана болып, ауылымыздың ұйытқысы болған Тоқсанбай атаның тікелей ұрпақтары - Қаблақатовтар әулеті. 1934-1935 жылдары жаппай колхоздастыру орнап жатқан кездері отыз-отыз бес үйден құралған шағын елдің атын Сулықөл деп өзгертіпті. Дыбыс үндестігіне байланысты ауылды «Сұлукөл», «Сулықөл» деп атап жатады. Дұрысы – «Сулықөл». Бұл - табиғаты тамылжыған, алабын аққайың көмкерген, айнадай жарқыраған көлдері көз тұндырар қазақ даласының құйқалы да көрікті жері. Ауылдың баурайында қысы-жазы балығы мен шабағы үзілмейтін «Сулы» деген көл бар, осы көл ауылдың атауына арқау болса керек.

Ш.Уәлиханов университетінің 3 курсында оқып жүргенімде Міржақып Дулатовтың шығармашылығын зерттеуші М.Әбсембетовтың зерттеулерін оқыдым. Ғалымның айтуынша «Бақытсыз Жамал» романына Көкшетау даласында болған оқиға өзек болған. 1908 жылы М.Дулатов ізіне түскен патша тыңшыларынан бой тасалау үшін Торғайды тастап Көкшетау облысы Саумалкөлге қарасты Сулықөл ауылында мұғалім болып жұмыс істеп жүргенде Жамал атты қазақ қызының тауқыметті тағдырына куә болады. Жамал бейнесі шындық өмірден алынған. Роман оқиғасы Сулықөл төңірегінде өтеді. Романның бас кейіпкері осы ауылда дүниеге келген. Жамалдың руы – Атығай, Ғалидың руы –Керей. Ақмола уезі, Ақкөл болысында туып өскен. Жұманның руы – Қарауыл Романды оқыған кезде кейіпкерлердің аттары, жер атаулары тым-ақ таныс. Ерінбеген адамға «Бақытсыз Жамал романының реалистігі» тақырыбында диссертация жазуға дайын тақырып.

Соғысқа дейін алғашқы мектеп салынған. Уәлиханов Едірес (Шота Уәлихановтың әкесі) алғашқы ұстаздардың бірі болып, ауыл балаларын оқытты. Содан бастап ауылда ағартушылық саласында Өмірзақов Зарап, жұбайы Сәбира апай, Жұмабаев Қабдолла мен Өзберген апай, Елемесов Құдабай, Еркежан апай, 1975 жылдардан бастап Мұқышев Таңатар, Ахмет-жанова Баян (қазіргі уақытта да мектепте жұмыс істейді) сынды азаматтар қызмет көрсетті.

1934 жылы колхоз құрылғаннан бастап Шаймерденов Қыдырма, Хайыров Балахмет, Сексенбаев Шоңқақ, Илиясов Тәшкен (Керім Илиясовтың әкесі), Қазбеков Керім, Шахметов Совет, Мұқышев Тұрсын сынды азаматтар елді басқарыған.

Ауылымыздың даму тарихына үңілсек, 1947-1949 жылы диірмөң 1950 жылы алғашқы дүкен салынды. Онда менің атам Мұқышев Зәлім мен Үмітжан апам көп жылдар бойы қызмет етті.1953 жылы балабақша ашылды, тәрбиешілер – Анита Шулыц пен Малаева Қадиша. 1958 жылы клуб салылына, 1958-1961 жылдары радио желісі тартылған. 1965 жылы ҰОС ардагерлеріне арнап ескерткіш қаланды. 1966 жылы мотормен жүретін электр жарығы орнатылды (мотористтер - Байбатыров Өміржан мен Ахмет-жанов Есімжан) 1967 жылы ауылға грейдер салынды.

Ауылға сіңірген еңбектері елеусіз қалмай, ерекше марапаттарға ие болған азаматтарымыз да бар: Қазбеков Керім – «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, Байманов Уәли (комбайншы) – «Құрмет белгісі» орденімен, Ахметжанов Есімжан (механизатор) – «Еңбек даңқы» орденімен, Бисекеев Майдан (механизатор) – «Еңбек даңқы» орденімен, Баймағанбетов Шұғай (наладчик) – «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, Ғабдуллин Қасым (механизатор) – «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Елімізден шыққан ерен азаматтар: ҚСРО Оқу-білім министрі – Балахметов Қажахмет. Ол кісі өзінің туған жеріне 9 жылдық мектеп ашуға зор үлесін қосты. Махметов Тұрсын – Талдықорған облысында аудандық атқару комитетінің хатшысы, Қаблақатов Жылқыбай – Алматы қаласында трест бастығы. Ха-сеинова Сараш Алматының педагогикалық институтының дене шынықтыру факультетінде оқып жүрген кезінде 1957 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық физкультуралық парадқа қатысып ауылымыздың мақтанышы болды. Қазбеков Бекет экономика ғылымының докторы, профессор, Қазбеков Думан Астана қаласында әлеуметтік қамсыздандыру Министрлігінде бөлім бастығы, Жақанов Төлеу Алматыды медицина институтын бітіріп, өз қызметінің майталманы, хирург, Астана қаласында хирургия бөлімінің бастығы. Айта берсең шағын ауылдан шыққан зиялы азаматтар көп.

Әкем балалық шағын есіне алғанда: - Бала кезімізде ауылдың бір адамы жол жүріп кеткенде, елдің үлкөндері сол үйдің малын түгендеп, сиырла-рын сауғызып, бала – шағасына бас-көз боп жүруші еді, - деп, ерекше бір сағынышпен есіне алушы еді. Осы сөздерден мен ауыл адамдарының ұйымшыл бір-біріне жанашыр болғандығын ұғатынмын. Қанша жыл өтсе де елдің қаймағы елде бұзылмапты. Быыл Ұлы Отан Соғысының аяқталғанына 70 жыл толуына, ауылымыздың құрылғанына 80 жыл толуына орай ауылда аруақтарға арнап ас берілді. Жан-жақтағы ағайын – туыс, ауылдастар жи-налып, зират басына аруақтарға арнап құран бағыштап, ескерткіш басында митинг өткізді. Ауыл азаматтары бір адамдай тік тұрып, келген қонақтарды қарсы алды. Осы жиынды ұйымдастырып, жан-жақтағы ауылдастарға хабар жіберген мектеп ұжымына, ауыл азаматтарына көп алғыс айтқым келеді.

Қарлыға МҰКЕЙ (МҰҚШЕБА),
Саумалкөл ҚОМ-нің ағылшының тілі пәнінің мұғалімі.

Жазғы демалыс

Демеушімізге мың алғыс!

Қаратал орта мектебінде маусым айы бойы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында мектеп жанында жазғы сауықтыру алаңы жұмыс істеді. Сауықтыру алаңына қатысушылар өздерінің топтарын құрып, атау қойып, жұмыстарымен танысты. Одан кейін әр күні күн тәртібіне сәйкес белгіленген іс шаралар өз уақытында өткізілді. Бұл жұмысқа 1-7-сынып аралығында 50 шақты оқушы тартылды. Әр күн сайын балалар қызықты іс шараларға қатысып, қызығушылықпен келіп отырды. Балалар дәмді тағаммен қамтамасыз етілді. Атап айтсақ, дәрумені мол шырынмөң түрлі жемістермен, тәтті тоқаштармен қамтамасыз етілді. Мұндай жомарттықты жасаған ауылшаруашылық саласында ерен еңбегімен ерекшеленіп жүрген ауданымыздың азаматы – «Жер-Ана» ЖШС-нің басшысы Ерболов Қанат Аманжолұлы.

Мектеп ұжымына әрқашан қол ұшын созуды өзінің азаматтық парызы деп санайтын Қанат Аманжолұлы тағы да осы жолы өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, мейірімділігімен ерекшеленді. Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді...» демекші, бірнеше жыл қатарынан мектебімізде өтіп жатқан игі шараларға Қанат сияқты азамат үнемі қолдау көрсетіп отырады.

Жазғы сауықтыру шараларында оқушылар тамақпен қамтамасыз етілгендіктен, олардың көңіл күйлері де көтеріңкі болып, әр күні жоспарға сай белгіленген шараларда би шашуларын арнап, әсем ән шырқады. Сондықтан барлық бүлдіршіндердің көңілдеріне жылулық сезімін ұпатқан «Жер-Ана» ЖШС-нің ұжымы мен басшысы Ерболов Қанат Аманжолұлына мектеп ұжымының, ата – ана ретінде өз атымнан айтар алғысымыз шексіз. Осындай ер азаматтарымыздың өңсесі әрқашан биік болғай дегім келеді.

Әсем ТӘЖИНА,
Қаратал орта мектебі
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

XVI-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы

Моңғол шапқыншылығынан кейін барлық қазақ рулары мен тайпалары Жетісуда алғаш рет бір мемлекетке біріктірілді. XVI-XVII ғ. қазақ хандығының шекарасы едәуір ұлғая түсті. Өз кезінде "Жерді біріктіру" процесін жедел жүзеге асырып, неғұрлым көзге түскен қазақ хандарының бірі – Жәнібек ханның ұлы Қасым. Қасым ханның тұсында (1511-1523) феодал ақсүйектердің қарсылығы әлсіреп, әскери қуаты артты. "Тарихи – Рашиди", "Шайбанинама", т.б. деректерге қарағанда, қазақтардың этникалық территориясының негізгі аудандары қазақ хандығына Қасым хан тұсында біріктірілген. Хандықтың шекарасы батыста Жайыққа, оңтүстік – батыста Сырдың оң жағалауына, Аралдан Маңғыстауға дейінгі жерлерді алып жатты. Оған Сыр бойындағы қалалар қосылды, солтүстікте Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлау қоныстары Ұлытаудан асты. Оңтүстік – шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратау, Іле өлкелері) қарады.

Бастапқы кездерде қазақ хандығының саяси-әкімшілік және сауда экономикалық орталығы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы болды. Кейіннен Түркістан қаласы қазақ хандығына өткеннен кейін қазақ хандығының астанаы Түркістан қаласы болды. Қазақ хандығы Түркістандағы Ақ сарайда отырып билік жүргізген.

Қазақ хандығының нығаюы және оның күшеюі мемлекеттік беделін арттырып, сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Қазақ хандығы өмір сүрген Орта Азия хандарымен, Еділ бойындағы елдермен, батыс Сібір хандығымен және орыс мемлекеттерімен сауда және дипломатиялық қатынас орнатты. Қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек, Керей, Бұрындық хандар – Ақ Орданың атақты ханы Ырыс ханның мұрагерлері, Алтын Орда мен Ақ Орданың 200 жыл ел билеген дәстүрін дамытушы, әскери-саяси және дипломатиялық күрес тәжірибесіне бай адамдар болды. Ал Қасым хан өте үздік шыққан мемлекет қайраткері болды.

Қазақ хандығы алғашқыда Моғолстан мемлекетімен достық қарым-қатынас орнатып, Әбілхайыр ханның Жетісуға төндірген қаупіне және ойрат-жоңғар тайпаларының Моғолстанға жасаған шабуылына қарсы күресті. Жошы тұқымынан шыққан хандармен одақтасып Әбілхайыр ханның мұрагері Шаих Хайдарды жеңді.

Қазақ хандығы Қасым хан тұсында орыс мемлекетімен дипломатиялық қатынас жасап, батыс Еуропаға танылды.

Ұлы князь Василий III тұсында (1505-1533) Москва князьдығымен дипломатиялық байланыс орнатты. Қасым хан алғашқы қазақ заңы – «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Сол үшін, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати Тарихи Рашиди кітабінде: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес» дейді. Қасым хан өлгеннен кейін сұлтандар мен феодалдардың өзара бақталасы, қырқысы күшейді. Сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде, өзара қырқысуының зиянды зардаптары хандықты әлсіретуге әкеп соқты. Өзара тартыс кезінде Қасым ханның ұлы және мұрагері Мамаш қаза тапты. XVI ғ. – II жартысында әлсіреген хандықты біріктіретіндер Қасым ханның баласы Хақназар (Ақназар) (1538-1580) өз үлесін қосты. Ол 42 жыл биледі. Хақназар хан – таққа отыраған соң хандық үкіметінің билігін нығайтуға қажырлы күш жұмсады. Өзінен бұрынғы Таһир хан мен Бұйдаш хан тұсындағы бытыраңқылықты қайта қалпына келтірді.

Ол билік құрған кезде сыртқы саясатта аса ірі тарихи оқиғалар болды. Бұл кезде батыста күшейе түскен орыс мемлекеті шығысқа қарай іргесін кеңейтіп 1552 жылы Қазан хандығын, 1556 жылы Астрахань хандығын Россияға бағындырды. Осыған байланысты, Еділ мен Жайық арасында ұлан-байтақ өңірді мекендеген Ноғай Ордасы ыдырай бастады. Ноғай ордасын билеген маңғыт мырзаның арасында үкімет билігіне таласқан феодалдық қырқыс күшейді,

бұл халық бұқарасын күйзелтті.

Хақназар тұсында Қазақ хандығының күшеюі Ноғай ордасындағы қазақ тайпаларын қызықтырып өзіне тартты, кейіннен келіп қосылды. Хақназар хан қаза болғаннан соң, оның орнына Жәдік сұлтанның баласы Әз Жәнібек немересі Шығай (1580-1582) хан болды. Ол билік құрған кезінде Хақназарды өлтірген Бұхар ханы Абдолла II (1557-98) тұсында Ташкент маңын билеген Норазахмет (Барақ) ханның баласы Баба сұлтанның өш алумен болды. Сол жорық кезінде қайтыс болды. Шығай ханның орнына отырған Тәуекел хан (1586-1598) тұсында Ресей мемлекеті мен қазақ хандығы арасында дипломатиялық қатынас күшейе түсті. Ресейдің мұндағы мақсаты: Қазақ хандығымен

1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған. Ол басы үлкен кеудесі кең, аласа адам болған екен. Сол себепті халық арасында оны «Салқам Жәңгір» деп атаған.

Оның тұсында ойрат-жоңғарларының көсемі батыр Хұнтайшының күшейген кезі еді. Олар қазақ хандығына бірнеше рет жорық жасады. Жәңгір хан Бұхара хандығымен одақтасып, Жоңғар феодалдарының шабуылына қарсы күресті.

«Қазақ» ойрат қарулы күресінің туына мынадай жағдайлар себеп болған еді.

Біріншіден көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан екі жақтың билеушілері үшін көшіп-қонатын жерді кеңейту керек болды; Екіншіден Жоңғар феодалдары Сыр-

халқының этникалық, шаруашылықты ұйымдастыру және жағрафиялық ерекшеліктеріне сай келетін аса құнды ескерткіш. Бұл көшпелі қазақтардың ел билеу заңы болып табылады. Онда әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық өлшемдері, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізіліп, ол қазақ қоғамы өмірінің барлық жағын қамтыды. Оның жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ қоғамында заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы рөлі де зор.

Қазақ хандығы – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен айналысқан феодалдық мемлекет болды. Оның көшпелі және жартылай көшпелі далалық өңірінде патриархалдық – феодалдық қатынас басым болды, ал отырықшы, егінші аймақтарда феодалдық қатынас қалыптасты.



одақтасып, Сібір ханы Көшімге қарсы күресу, осы одақтасты пайдаланып, Орта Азия хандарымен келіссөз жүргізу еді. Тәуекел хан Орта Азияның сауда орталықтарына шығу үшін белсене күресті.

1583 жылы ол бұрынырақ Бұқарамен жасалған шартты бұзып, Сырдария бойындағы қалаларды алып, Ташкент, Андижано, Акси, Самарқанд сияқты қалаларды қазақ хандығына қаратты. Бұқара қаласын қоршауға алған кезде Тәуекел хан жараланып қайтыс болды. Тәуекел алғаш рет 1594 жылы Мәскеуге достық қарым-қатынас орнату мақсатында Құлмұхаммед бастаған қазақ елшілігін жіберді.

Одан соң хандыққа Есім хан Шығайұлы (1598-1628) билік етті. Ол 1598 жылы Бұқарамен бітім шартын жасасты, – шарт бойынша өзбектер бұрын тартып алған Сыр бойындағы қалалар мен Ташкент қазақ хандығына бекітіп берілді. Ол қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. Есім ханның бұл саясатына қарсы болған сұлтандар Қазақ хандығын бөлшектеуге тырысты.

Ташкент қаласы қазақ хандығына қараған соң, оны Жәнібек ханның немересі, Жалым сұлтанның баласы Тұрсын Мұхаммед сұлтан басқарған еді. Екеуінің арасында билік үшін саяси күрес болды. Есім хан елді жуасытып бағындыру саясатын жүргізді. Сондықтан ол қанға-қан, кек алу, құн төлеу, әмеңгерлікті сақтау, зекет, ұшыр жинау, айып салу, діни патриархалдық екі салтқа арқа тіреу және т.б. уағыздады. Халық Есім хан заңдарын «Есім хан салған ескі жол» деп атады.

